

«Бекітемін» _____

ЖШС «БЕркежан» балабақша
Менгерушісі: Илюбаева Г.Ж



**2023-2024 оқу жылына арналған «Еркежан» балабақшасының музыка қызметі бойынша
ересек «Айгөлек» тобының перспективалық жоспары.**

2023-2024 оқу жылы

«Айгөлек» ересек тобында музыкадан ұйымдастырылған іс әрекетінің тақырыптық жоспары

айы	ҮІӨ	ҮІӨ міндеттері
Қыркүйек	музыка	Музыка тыңдау Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу. Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы тыңдау. Ән айту Әуенді дұрыс, нақты интонациялайды, сөздерді дәл айтады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық аспапта ойнау Фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау.
Қазан		Музыка тыңдау Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды таниды және атайды. Ән айту Дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды орындау, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсетуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Марш сипатын ырғақты жүріспен беру.
Қараша		Музыка тыңдау Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды). Ән айту Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру. Музыкалық аспапта ойнау Таныс әндерді балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарда орындау. Билер Жеңіл, ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану

Желтоқсан		Музыка тыңдау Тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу. Ән айту Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды. Билер Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.
Қаңтар		Музыка тыңдау Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен). Ән айту Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. Музыкалық аспапта ойнау Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Билер Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту.
Ақпан		Музыка тыңдау Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. Ән айту Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды орындайды. Музыкалық аспапта ойнау Ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнау. Билер Шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.

Наурыз		Музыка тыңдау Қазактың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту Әртүрлі сипаттағы әндерді орындауға, дауыспен секіріс үлгісіндегі және төмендеуші әуен қарқынын көрсетуге үйрету. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Музыкалық аспапта ойнау Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.
Сәуір		Музыка тыңдау Музыка жанрларын анықтауға үйрету. Ән айту Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. Музыкалық аспапта ойнау Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер Атрибуттармен би қимылдарын орындау.
Мамыр		Музыка тыңдау Музыканың биге тән сипатын қабылдау. Ән айту Фразалар арасындағы тыныс алу, әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, сонын мұқият әндетіп айту. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Музыкалық аспапта ойнау Шулы оркестрде ойнау.